

Шардара ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілумен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 22-147-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 желтоқсанда № 4340 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2023 жылғы 11 қазандағы № 9-49-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 11.10.2023 № 9-49-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Шардара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шардара ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімге 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Шардара ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімге 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Шардара аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шардара ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шардара аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Р.Жунускулова

Б.Муталиев

Шардара аудандық мәслихатының
2017 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 22-147-VI шешіміне
№ 1 қосымша

Шардара ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормалары

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 21.04.2020 № 57-361-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық жинақталу нормалары, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,95 1,061
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,0
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,0
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,3992
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,275
6	Емханалар	1 келіп кету	0,275

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,0001
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,2
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,2
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,2
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	1,23
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	-
16	Алынып тасталды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 21.04.2020 № 57-361-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).		
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,974
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,2
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,5
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,91
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,107
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,2

26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,2
28	Кіржуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,27
29	Зергерлік, аяккиімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,06
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	-
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,0019

Шардара аудандық мәслихатының
2017 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 22-147-VI шешіміне
№ 2 қосымша

Шардара ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәде жарату тарифтері

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 21.04.2020 № 57-361-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1	Жайсыз үйлер	1 адам	121
1.2	Жайлы үйлер	1 адам	108
1.3	Заңды тұлғалардан	1 текше метр	1727
2	Қатты тұрмыстық қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері		
2.1	Жеке тұлғалар	1 текше метр	175
		1 тонна	875
		1 текше метр	228

2.2	Заңды тұлғалар	1 тонна	1140
-----	----------------	---------	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК